

**ПӘННІҢ ОҚУ - ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕНІ**

# **ДҮНИЕ ЖҮЗІ ТАРИХЫ**

**ДАЙЫНДЫҚ КУРСЫНА АРНАЛҒАН**

## Кіріспе. Дүние жүзі тарихының кезеңдері

Тарих – ғылым мен пән ретінде аса маңызды білім саласына жатады. Дүние жүзінің атақты ойшылдары мен ғалымдары тарихтың қоғамдағы алатын орнына жоғары баға берді. Мәселен, Әбу-Насыр әл-Фараби: «Тарихты білмей – өткенді, қазіргі жағдайды білу, келешекті болжау қиын», – десе, Н.М.Карамзин: «Тарих әрбір ұлттың ең басты кітабы», – дейді. Ал Н.Г.Чернышевский: «Тарихты ақыл-иесі толық дамымаған адам ғана сүймеуі мүмкін», – десе, бұл ойды ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ ғылымы мен білімінің хан тәңірісі А. Байтұрсынов былай деп жалғастырады: «Сөздің ең ұлысы, ең сипаттысы – тарих».

Дүние жүзі тарихы жас ұрпақтар сабақтастығы үшін аса маңызды екені белгілі. Бұл тұрғыда тарих ғылымының атқарар рөлі де, көтерер жүгі де, келер ұрпаққа жеткізу жауапкершілігі де зор.

Дүние жүзі тарихының көне дәуірден бастап қазіргі кезеңге дейінгі тарихын зерттеу жастар алдында қоғамның дамуы туралы ғылыми түсінік қалыптастыру үшін, дүниетаным тұрғысынан адамзат өркениетінің мол байлығына қатысты пікір түйю үшін, өзге халықтардың тарихын барлап, оның мәдени құндылықтары мен дәстүрлерін игеру үшін аса маңызды қызмет атқарады.

Ежелгі адамдар өмірі. Азамат тарихы әр түрлі әлеуметтік-экономикалық формацияның дамуына байланысты үлкен кезеңдерге бөлінеді. Археологияда адамзат тарихы өзіндік кезеңдерге бөлінген: тас ғасыры, қола және темір ғасырлары.

Алғашқы адам басқа ірі жыртқыштарға қарағанда әлсіз болды, өйткені адамның күшті тістері мен тырнақтары болған жоқ. Оның есесіне алғашқы Гоминидтер еңбек құралдарын жасау мен қолдану арқылы сол әлсіздіктерін білдірмеді. Тас ең ұзақ қолданылған құрал болды, ол осыдан б.з.д. 2,5 млн. жыл бұрыннан б.з.д. 5 мың. жылға дейін адамзат техникасында басты орын алды. Бұл кезеңді археологтар тас ғасыры деп атап, оны екі кезеңге бөледі: Палеолит (ерте тас ғасыры) және Неолит (жаңа тас ғасыры). Олардың арасындағы өтпелі кезеңді Мезолит (орта тас ғасыры) деп атады. Өз кезегінде палеолит те екіге бөлінеді: төменгі (б.з.д. 2 млн. ж.– б.з.д. 40 мың ж.) және жоғарғы (б.з.д. 40 мың ж. – б.з.д. 12 мың ж.).

Ең көне бастапқы замандардағы адамдардың өмірі туралы түсінік қалыптастыру үшін, олардың тіршілігін, олардың мекенін, еңбек құралдарын, тамақ қалдықтарын, жануарлардың сүйек қаңқаларын зерттеп білу қажет болды. Сондай-ақ, этнографиялық мәліметтердің де мәні зор. Ол мәліметтер ең көне замандардағы адамзаттың материалдық және рухани мәдениетінің кейбір қырларын тура түсінуге мүмкіндік туғызады. Дегенмен, негізгі мәліметті, бастапқы адамдық қоғамның жалпыға ортақ материалы – тастан жасалған еңбек құралдары береді.

Тас ғасыры өз ретінде көне тас (палеолит), орта тас (мезолит), жаңа тас (неолит) және қола ғасырына өтпелі арадағы мыс пен тас қатар тараған ғасыр (энеолит) болып бөлінеді.

Палеолит – көне тас ғасыры, ол б.з.д. 2,6 млн. – 12 мың жылдыққа дейін созылады. Ерте (б.з. 2,6 млн. – 35-30 мың жыл бұрын) және кейінгі (б.з. 35-30 - 12 мың жыл бұрын) палеолит болып екіге бөлінеді. Адамзат анайы шаруашылық қам-қаракеті табиғаттың дайын тұрған өнімдерін пайдаланумен шектелген.

Мезолит грекше аударғанда орта тас ғасыры дегенді білдіреді, ол б.з.д. 12-5 мың жыл. Неолит – жаңа тас ғасыры, ол б.з.д. 5-3 мыңжылдықты қамтиды. Соңғы жылдардағы зертеулер бірнеше неолиттік мәдениеттерді анықтауға мүмкіндік берді. Неолит – тас индустриаландырудың дамыған кезі. Тас өңдеу жаңа технологиялары пайда болды: аралау, бұрғылау, сүргілеу.

Энеолит – мыс пен тас ғасыры, б.з.д. 3-2 мың. орын алады. Соңғы уақытқа дейін энеолитті тас ғасырынан қола ғасырынан өтетін өтпелі кезең деп қарастырған.

Ежелгі тас ғасырының алғашқы құралы, бүтін тастан жасалған шаппа тастар болған. Олар дөрекі, өңделмеген болатын. Бұл көне құралдар щель мәдениетіне байланысты, кезінде австролопитектер жасап шығарған. Кейінгі кезеңдерде ондай шаппа тастардың өңделген түрлері табылды. Сонымен қатар құралдардың дифференциясы байқалды. Адамдар енді қырғыштар, тас пышақтарды, үшкір ұшты құралдарды жасай бастады. Құралдарды жасаудың екі жолы болған: біріншісінде тастардан шабу арқылы шақпақтар алынып, оларды қайта өңдеген. Бұл мәдениет ашель деп аталды. Тас құралдардан басқа тік жүретін адам еңбек құралдарын сүйек пен ағаштан жасаған. Отты пайдалануға байланысты ол ұшы күйдірілген найза мен қазықтар жасады.

Қола дәуірі (б.з.б. XVIII-IXғғ.). Металл балқытуымен адамзат өз дамуында келесі кезеңге өтті. Бұл кезеңнің негізгі материалы мыс пен қалайының қоспасы болғандықтан археологтар оны қола ғасыры деп атады. Қоладан әртүрлі еңбек құралдары жасалды – орақ, кетпен, әшекейлер т.б. құралдар. Қола ғасырының өзіне тән ерекшелігі – металлургия мен дамыған жер және мал шаруашылығының кешенді дамуы.

Жабайы жануарларды қолға үйретуге көшу адам қоғамы дамуының заңды кезеңі болды. Жабайы жануарларды қолға үйрету сонау неолит дәуірінде басталды. Неолиттен кейінгі қола дәуірінде қолға үйретілген жануарлардың саны көбейді. Малдың түр құрамы да көбейді. Қола дәуірі шаруашылық нысаны ретіндегі мал шаруашылығының үздіксіз дамыған уақыты болды.

Үй маңында мал бағу бірте-бірте жайлауда малмен бірге бір жайылымнан екінші жайылымға жылжи көшіп отырды. Өнімді мал шаруашылығына көшу ілгері басқан құбылыс болды. Қола дәуіріндегі тайпалардың шаруашылығында мал шаруашылығы мен егіншілік бірін-бірі толтырып, өзара байланысты болды.

Егіншілік өзінің сипаты жағынан қарапайым болып қала берді және мал өсірумен салыстырғанда көмекші рөл атқарды, бірақ ол тамақ өнімдерін алудың маңызды көзі болды.

Қола дәуіріндегі тайпалар үй маңында мал өсіруден жайлаудан мал бағуға, одан кейінгі көшпелі мал шаруашылығына көшті.

Кен ісі, металлургия. Қола дәуірінде адам қоғамының өндіргіш күштердің дамуында мал шаруашылығымен және егіншілікпен қатар әр түрлі рудаларды өндіру, тас пен сүйекті ұқсату аса маңызды рөл атқарды.

Үйдегі кәсіптер. Мал шаруашылығы тамақ өнімдерін ғана емес, сонымен қатар киім мен аяқ киім тігілетін шикізаттар да берді.

Қола дәуірінде тоқыма кәсібі қарапайым тоқыма станогінің ұршықтарының табылуынан дәлелденді. Жүн киімдер қойдың биязы жүні мен ешкінің түбітінен тоқылады.

Діни нанымдар мен табынушылықтар. Қола дәуіріндегі тайпалардың тұрмысы мен әл-әуқаты түгелдей табиғат деп білді. Бұл ең алдымен күн, от, жануарлар мен өсімдіктер дүниесі болды. Күн мен от жылының біреуі – мұның бәрі қайырымды, құдіретті рухтармен байланыстырылды.

Қола дәуіріндегі тайпалар отқа табынған, мұны сол дәуірде кең таралған өлікті өртеу ғұрпы көрсетеді. Ежелгі адамдардың ұғымынша, ол денені жамандықтардан тазартады және өлген адамды зұлым рухтардан қорғайды. Қола дәуірінің соңғы кезеңінде шаруашылықтың жаңа түрі көшпелі мал шаруашылығының дамуына байланысты күнге табынумен бірдей ай мен жұлдыздарға табыну пайда болды, өйткені көшпелілер түнде көшкенде соларға қарап бағыт ұстайтын болды.

Қола дәуірінде тайпалардың ата-бабаларына айналуы және о дүниеге сенуі кеңінен таралды. Сондықтан қола дәуірінің тайпалары өлген құралдармен, қарумен, сәндік заттармен мүмкіндігінше жақсылап жабдықтауға тырысты. Бейіттері үйге ұқсас етіп салынды және айналасы шарбақтармен қоршалған.

### **Алғашқы қауымдық құрылыс.**

Адамның шыққан отаны – Африка. Ең ежелгі адамның атауы – «епті адам». Ол Африкада Кения жеріндегі Олдувай шатқалынан табылған. Мөлшермен өмір сүрген мерзімі – 1 млн 750 мың жыл бұрын. Ең ежелгі адамның еңбек құралдары – қашау, үшкір тас, шоқпар, қазғыш таяқ. Алғашқы адамдардың бастапқы кезеңдегі топтасу жүйесі – тобыр, одан кейін – рулық, одан соң – тайпа. Алғашқы еңбек бөлінісі – шаруашылықтың егіншілік пен мал шаруашылығы болып бөлінуі. Тұңғыш баспаналары – үңгірлер. Адамзат дамуының «епті адамнан» кейінгі келесі даму кезеңі – тік жүретін адам. Оның өкілдері – питекантроп пен синантроп. Питекантроп мөлшермен 1 млн жыл бұрын өмір сүрген. Ол 1891 жылы Ява аралынан табылған. Синантроп бұдан – 500-200 мың жыл бұрын өмір сүрген. Ол 1927 жылы Қытайдан табылды. Ежелгі адамдардың келесі бір түрі – Неандерталь. Ол 100-35 мың жыл бұрын өмір сүрген. Неандертальдықтар алғаш Германиядан табылған. 1938 жылы Өзбекстан жеріндегі Тесіктас үңгірінен неандертальдық баланың сүйегі табылды. «Саналы адам» - 40-35 мың жыл бұрын өмір сүрген. Ежелгі адамдардың ең ежелгі кәсібі – терімшілік, алғашқы аулаған аңдары – мамонт пен бизон болған. Алғашқы адамдардың еңбек құралдарының атаулары – чоппер, чоплинг.

## **2. Алғашқы мемлекеттердің пайда болуы. Адамзат тарихында ең алғаш мемлекеттердің қалыптасуы. Өркениеттің дамуы.**

Азияның оңтүстік-батысында қатарласа ағатын екі өзен – Евфрат пен Тигр өзендері Кавказ тауларынан бастау алып, Парсы шығанағына құяды. Бұл екі өзенді Қосөзен (Месопотамия) деп атайды. 5 мың жылдан астам уақыт бұрын Қосөзен бойында шағын елдер пайда бола бастаған. Алғаш Қосөзенді мекендегендер: Шумер мен Аккад халықтары.

Шумерліктер – Қосөзеннің шығысын; Аккадтықтар – оңтүстік-батысын мекендеді.

Шумерліктер Қосөзен бойындағы өркениеттің негізін қалаушы ретінде тарихта қалды. Қосөзенде қалыптасқан шағын қала мемлекеттерді – патесилер деп атады.

Б.з.д. III мың жылдықта Қосөзенде алғашқы ірі қалалар: Ур, Урук, Лагаш, Ниппур сияқты қала мемлекеттер пайда болды.

Б.з.д. XXIV ғасырда Қосөзеннің орталығы Аккад қаласы болды. Қаланың Шаруккин (Саргон) есімді патшасы Шумерді жаулап алып, Шумер-Аккад патшалығын құрды. Аккад мемлекетінің гүлденуі Нарамсин патша кезеңінде болды.

Б.з.д. 2200 жылы «тау аждахалары» атанған гутеиліктер аккадтықтарға шабуыл жасап, мемлекетті басып алды.

Урдың III әулетінің билігі құлағаннан кейін, Вавилон қала мемлекеті Қосөзен бойындағы қуатты мемлекеттің біріне айналды. Қосөзенде Шумер мен Аккад мемлекеттерінің түйіскен тұсында Вавилон («Бабилу» құдайға баратын қақпа) қаласы тез өсе бастады.

Вавилон билігі Хамурапи (б.з.д.1792-1750) кезінде мемлекет күшейіп, Қосөзеннің бойындағы қалалардың барлығын бағындырды. Хамурапи тарихта алғаш рет 282 баптан тұратын заңдар шығарды. Ол заңдарын қара тас бағанаға жаздырды. Таста Хамурапи күн құдайының қолынан билікті алып тұрған мүсіні бейнеленген. 1902 жылы бұл тасты археологтар тапты. Хамурапи өлген соң мемлекет ұзақ уақыт бойы Ассирияға бағынышты болды. Б.з.д. VII ғасырда Вавилон тәуелсіздік алып, б.з.д. 604-562 жылдар аралығында Навудхаданасор кезеңінде гүлденді. Оның кезеңінде әлемнің жеті кереметінің бірі Семирамида аспалы бағы салынды. Аспалы бақтың салынуына көптеген құлдар қолданылып, бұл «Вавилон мұнарасы» аңызының туындауына себеп болды. «Инженер патша» қаланы қоршап тұратын ірі қамал салды. Қалаға кіретін 100 қақпа болып, ең атақтысы Иштар құдайдың құрметіне салынған қақпа болды.

### 3. Ежелгі Египет тарихы.

Ежелгі Мысыр – Африканың солтүстік-шығысында Ніл өзені бойында құрылған ертедегі мемлекет. Б.з.б. 4-мыңжылдық шамасында Ніл өзені бойына жиналған тайпалар (протосемит, бербер, кушит, т.б.) өзара араласып, Мысыр халқы қалыптасты.

Қоғамның әрі қарай дамуы нәтижесінде алғашқы мемлекеттік бірлестіктер пайда болды. Олардың арасынан екі мемлекет іріктеліп шығып, елдің оңтүстігінде жоғарғы Мысыр, ал солтүстігінде төменгі Мысыр патшалықтары құрылды. Б.з.б. 3-мыңжылдық шамасында жоғары Мысыр билеушісі Менес (Мена) төменгі Мысырды басып алып, елді біріктірді.

1. Ең ежелгі патшалық (б.з.б. 3000-2800) кезеңінде елді екі билеуші әулет кезек-кезек басқарды.

2. Ежелгі патшалық (б.з.б. 2800-2250) үшінші әулеттің билікке келуімен басталды.

3. Орта патшалық (б.з.б. 2050-1700) 12-ші әулеттің билік басына келуімен тікелей байланысты. Ұсақ иеліктер қайтадан бір орталыққа біріктірілді.

4. Жаңа патшалық (б.з.б. 1580-1070) кезеңінде қола мен темірден әр түрлі бұйымдар (соқа, жіп иіретін құралдар, дөңгелек, шыны-пиала, т.б.) шығарылды. Сирияға, Палестинаға жасалған жорықтар нәтижесінде он мыңдаған тұтқындар құлға айналды. Арбакештер әскері пайда болды. Перғауындар – Тутмос I, Тутмос III, Аменхотеп II заманында Мысырға Сирия, Палестина, оңтүстікте Ніл өзенінің бастауына дейінгі жерлер қосылды. Елдің күшейген тұсы Аменхотеп III (б.з.б. 15 ғ-дың 1-жартысы) заманы.

5. Кейінгі патшалық (ливия-парсы) кезеңінде (б.з.б. 1070-332) ел қайтадан бір орталыққа біріктіріліп, экономика әрі қарай дамыды, металл ақшалар пайда болды. Бірақ кейін Мысыр қайтадан ыдырай бастап, б.з.б. 671 ж. Ассирияның қол астына қарады. Дегенмен Сайс Псамметих I (б.з.б. 663-610) тұсында ел азат етілді. Оның мұрагері Нехо II Грекиямен және Жерорта теңізінің шығыс жағалауын мекендеген мемлекеттермен тығыз сауда байланысын орнатты. Бірақ б.з.б. 525 ж. елді парсы патшасы Камбис жаулап алды. Парсы билеушілері елдегі биліктерін сақтап қалу үшін Мысыр абыздарына көп жеңілдіктер жасады.

6. Грек-рим кезеңі (б.з.б. 332-б.з. 395) Мысырды А. Македонскийдің жаулап алуымен басталды. Аса ірі сауда және мәдени орталық – Александрия қаласының негізі қаланып, бұдан басқа да көптеген сауда және қолөнер орталықтары құрылды.

7 ғасырда Мысырды арабтар жаулап алды. Мұнда араб тілімен бірге өз діндерін – исламды таратты. Мысыр 1952 жылғы революциядан кейін ғана шын мәніндегі ерікті мемлекетке айналды. Оған дейін көп жыл бойы Ұлыбритания үкіметі қол астында еді.

#### 4. Азияның Оңтүстік-Батысындағы ежелгі мемлекеттер.

«Ассирия» – біздің заманымыздан бұрынғы 2-мыңжылдықтың бас кезінде Тигр өзенінің бойында (қазіргі Ирак аумағы) құрылған ірі мемлекет.

Ассирияның астанасы Ашшур қаласы маңызды сауда жолдарының бойында орналасты. Біздің заманымыздан бұрынғы 10-9 ғасырларда мемлекеттің жағдайы тұрақтанып, күш-қуаты арта түсті.

Біздің заманымыздан бұрынғы 7 ғасырдың ортасы Ассирия өзінің күш-қуатының шырқау шегіне жетті. Оның шекарасы Мысырдан Мидияға, Жерорта теңізінен Парсы шығанағына дейін созылып жатты.

Мемлекет астанасы Ниневия өзінің сән-салтанатымен, архитектурасымен әйгілі болды. Қала кітапханасында түрлі мәтіндер жазылған 20 мыңнан астам бедерлі тақталар сақталды. Бұл бедерлерде, көбінесе, жорықтар, жеңілген елдердің қалаларын ойрандау, т.б. бейнеленген. Орта Азиямен, Арабиямен сауда қатынастары дамыды.

Мидия мен Вавилонның біріккен күштерінің соққысы нәтижесінде біздің заманымыздан бұрынғы 607-605 ж. Ассирия құлады.

Хетт патшалығы – б.з.б. 18-12 ғасырлар аралығында Кіші Азияда өмір сүрген ежелгі мемлекет. Б.з.б. 20-19 ғасырларда құрамына хетт, хатти этникалық топтары кірген кішіазиялық саяси бірлестіктердің (Канес, Хаттусас, Бурушханда) негізінде құрылған. Ежелгі хетт әулетінің негізін салушы Лабарна (б.з.б. 17 ғ-дың бас кезі) Хетт патшалығының аумағын кеңейтті. Б.з.б. 15-14 ғасырдың бас кезінде лувиялықтар мен хурриттер мекендеген оңтүстік облыстардың рөлі күрт күшейді. Жаңа патшалық деп аталған кезеңдегі (б.з.б. 14 ғасыр – 12 ғасырдың бас кезі) хетт патшалары хуриттер болды. Б.з.б. 13 ғасырдың соңы мен 12 ғасырдың бас кезінде Хетт патшалығына Ахиява мен Арцава кірген мемлекеттер одағы қарсы шықты. Билеушілер әулетінің өзара қырқысу соғыстары, шеткері облыстар мен одақтас патшалардың оның құрамынан шығуы мемлекеттің ыдырауына әкеп соқты. Хетт патшалығы мүлдем жойылуына Кіші Азиядағы «теңіз халықтарының» шығысқа қарай қоныс аударуы да түрткі болды.

Финикия – Жерорта теңізінің бойында орналасқан, қазіргі Ливан территориясындағы ежелгі мемлекет. Бұл аймақты мекен еткен халықтардың желге тиіп, күнге күйген түрлеріне қарап, гректер оларды (файнекес) – қоңыр түстілер десе, ал египеттіктер (фенеху) – кеме жасаушылар деп атап кеткен. Осы ұғымдардың нәтижесінде Финикия түсінігі қалыптасқан. Финикиялықтар 22 дауыссыз дыбысты (Ғ,Д,К,М,Р) таңбалайтын әріптерден тұратын ежелгі алфавит жасады. Әріптердің аталуы сол әріптен басталатын заттарға ұқсады. Қазіргі кезде дүние жүзінде қолданылатын алфавиттер ежелгі финикиялықтардан тараған.

Б.з.б. X ғасырдың бас кезінде Израиль Иудей мемлекеті қалыптасты. Оның астанасы Иерусалим қаласы болды. Иерусалим қаласы астана болумен қатар діни орталыққа айналды.

Палестина жерін алғашқы адамдар ежелгі палеолит дәуірінен бастап мекендеген. Б.з.б. 3-мыңжылдықта ханан тайпалары қоныс тепті. Б.з.б. 18 ғасырда Палестинаны жаулап алған гиксостарды 16 ғасырда египеттіктер талқандап, аймаққа саяси ықпал жүргізді. Осыдан үш ғасыр кейін Палестина аумағын ежелгі еврей тайпалары жаулап ала бастады. Б.з.б. 12 ғасырда Палестина жағалауын филистимдіктер («Палестина» атауы ежелгі еврейше пелиштим – филистимдіктер дегеннен шыққан) басып алды. Б.з.б. 11 ғасырда Палестинаның қалған аумағында ежелгі еврей тайпаларының Израиль-иудей патшалығы құрылды. Б.з.б. 928 ж. ол солтүстікте Израиль патшалығы, оңтүстікте Иудей патшалығы болып екіге бөлінді. Б.з.б. 142 ж. Палестина жерінде Хасмонейлер мемлекеті құрылды. Б.з.б. 63 ж. Рим протектораты орнатылды. 395 жылдан Византия құрамында болды. 640 ж. Палестинаны арабтар жаулап алды. 1-крест жорығының (1095-99) нәтижесінде жаулап алынған Палестина аумағында Иерусалим корольдігі құрылды.

Бактрия, Бактриана, Бактра – б.з.б.1-мыңжылдықта Орталық Азияда орналасқан мемлекет. Бактрия атауы парсы тілінде «Шығысқа қарайғы өлке» мағынасын береді. Аумағы қазіргі Тәжікстанның батысын, Өзбекстанның Сурхандария облысы мен Түрікменстанның шығыс өңірін, Ауғанстанның солтүстігін қамтыған.

Б.з.б. 329-321 жылдары Ескендір Зұлқарнайн жаулап алды. Кейіннен оның мемлекеті ыдырап, б.з.б.250 жылы шамасында жаңа Тохарстан мемлекеті құрылды. Батыс Еуропа тарихшылары оны Грек-Бактрия патшалығы деп атады.

Б.з.б. 2 ғасырдың ортасында Шығыс Түркістаннан келген Юечжи тайпалары Грек-Бактрия мемлекетін жойып, Кушан патшалығын орнатты. Бактрияда ірі қалалар, дәрісханалар, ғибадатханалар көп болған. Сол үшін ол «мың бір қала» мемлекеті деп аталған.



## **5. Ежелгі Оңтүстік және Шығыс Азия елдері.**

Үндістан – Азияның оңтүстігінде, Үнді түбегінде орналасқан, солтүстігінде Гималай таулары, орталығында Декан таулы үстірті орын алған.

Б.з.д. II мыңжылдықтың ортасында қоғам мен мәдениет құлдырап кетті. Б.з.д. II мыңжылдықтың соңына қарай солтүстіктегі Арии (таза, асыл текті) тайпалары басып кіріп, негізгі халықтарың қалыптасуына жағдай туды. Дара билеуші тайпа көсемдері раджа деп аталды. Сол кезде мына төменгі мемлекеттер пайда болды:

Б.з.д. VI ғасырда солтүстігінде Ганг өзенінің төменгі ағысында Магадха мемлекеті күшейді. Б.з.д. VI ғасыр соңында Магадха бүкіл Ганг алқабын жаулап алып үлкен мемлекетке айналды. Чандрагупта атты сарай қызметшісі төңкеріс жасап, Маурия әулетін құрды. Мемлекет астанасы Паталипутра қаласы болды. Б.з.д. III ғасырда Чандрагуптаның немересі патша Ашока Үндістанды біріктіріп, буддизмді мемлекеттік дін етіп жариялады.

Б.з.д. II мыңжылдықта Хуанхе мен Янцзы өзендерінің аралығын Ұлы Қытай жазығы деп атады. Алғашқы қалыптасқан – Шан-Инь мемлекеті. Оны Чен Тан патша негізін қалады. Шан-Инь мемлекетін Вей өзенінің бойын мекендейтін Чжоу тайпалары талқандап өз патшалықтарын құрды.

Б.з.д. VI ғасырда шағын Цинь мемлекеті құрылып, Шан Ян атты қызметшінің басшылығымен заңдар шығарылды.

Б.з.д. IV-III ғасырларда Қытай тарихында үлкен оқиғалардың бірі патшалықтар күресі болды.

Б.з.д. 221 жылы Цинь династиясының билеушісі Ин Чжен Қытайды біріктіріп, Цинь Шихуанди атын алды. Солтүстік көршісінен (Ғұн державасы) қорғану үшін Ұлы Қытай қорғанын салды. Биіктігі 10 м., ұзындығы 4000-5000 км.

## **6. Ежелгі Грекия тарихы**

Крит-Архей мемлекеттері және олардың күйреуі: Грекияда Крит-Архей өркениеттілігі б.з.б. 2000 жылдары қалыптасты.

Криттегі ең ірі қалалар Кнос пен Фест болды. Археологтар Кнос қаласынан көп қабатты үлкен жүздеген бөлмелі сарай қалдығын тапқан. Криттен табылған заттай мәдени бұйымдар б.з.б. II м.ж. бұл жерде әр түрлі қолөнер кәсібі болғанын дәлелдейді. Археологиялық зерттеулер б.з.б. XV ғғ. Крит аралының солтүстік жағалауында Фера аралында орасан зор вулкан атқылағанын анықтады. Бұл криттіктер үшін «Ұлы апат» болған. Сөйтіп Крит патшалығы күйреген.

Ахей мемлекеті оңтүстік Грекиядағы Пелопоннес аймағында орналасқан. Осы аймақта Крит мемлекетінен сәл кейін бірнеше ахейлік қала мемлекеттер пайда болған. Олар: Микены, Пилос, Тиринф, Афина және т.б.

Микены ахейлік мемлекеттер ішіндегі ең ірі, әрі қуаттысы саналды. Гомер Микеныны «мол алтынды», «көп халықты» деп айтқан. Микеныдағы

қазба жұмыстарын Генрих Шлиман басқарған. Шлиман қазба жұмыстары кезінде зәулім дуалдардың қалдықтары мен «П» әрпі тәрізді етіп салынған «Арыстандар қақпасын» көрген. Микены қаласы төбеде орналасқан. Қаланың ішіне тек «Арыстандар қақпасы» арқылы кіруге болады.

Гректер Критпен қатар Егей теңізінің басқа да аралдарына қоныстанды. Грекиялық мемлекеттер бір бірімен жиі соғысып отырған. Басқа да елдерге жорық жасаған. Б.з.д. 1200 жылы Микенының Агамемнон деген көсемі гректердің біріккен әскерін басқарып, Кіші Азия жеріндегі Троя қаласын басып алып өртеп жібереді. (Троя Кіші Азияның солт.бат қала). Гомердің «Илиада» және «Одиссея» поэмалары гректердің Троя жорығына арналған.

## 7. Ерте Рим тарихы

Римде республикалық құрылыстың орнауы. Ежелгі Рим мемлекеті Жерорта теңізіндегі Аппенин түбегінде қалыптасты. Оның алғашқы патшасы Ромул болды. Патшалық дәуір б.з.б. 753-509 жж. жылдарды қамтыды. Тарквиний Римнің соңғы патшасы болды, ол туралы Рим тарихшысы Тит Ливий былай деп жазған: «Ол өте қатал, адамгершілігі төмен, көптеген римдіктерді дарға асып, Римнен қуып жіберген». Халық наразы болып Тарквинийді отбасымен елден қуып жібереді. Римдіктер енді ешқашан патша сайламайтын болып шешеді. Римді республика деп жариялайды. Рим республикасы белгілі бір мерзімге сайланған адамдар басқаратын мемлекетке айналды. Бұл б.з.б. 509-27 жылдарды қамтыған Рим тарихының екінші және ұзақ дәуірі болды.

Рим республикасының мемлекеттік құрылысы қалыптасып, оның билік орындарына халық жиналыстары, магистратуралар, сенат басшылық етті. Римде халық жиналысы шешетін мәселелеріне қарай үш түрге бөлінетін еді. Ру бірлестіктерінің жиналысы курия отбасы қатынастарын шешіп отырды. Патрицийлер мен плебейлердің (сырттан келген адамдар) жиналысы центуриат деп аталды. Онда жоғарғы лауазымды қызмет адамдарын сайлады. Халық жиналысының соңғы түрін трибалар жиналысы деп атады. Триба деген сөз тайпа одақтары деген мағынаны береді. Бұл жиналысқа кез келген Римнің азаматтары қатысты. Трибаларда заң жоба талқылау, төменгі қызмет адамдарын сайлау т.б. мәселелер шешілді. Атқарушы өкімет билігін жүргізушілерді магистраттар деп атады. Олар халық жиналысында бір жылға сайланып, атқарған қызметтері үшін жалақы алмады. Бастапқыда патрицийлер ақсақалдары ғана құрған кеңес сенат Рим мемлекетінің өмірінде ерекше рөл атқарды. Аталмыш қызметті олар өмір бойы атқаруға тиісті болды. Сенат құрамы үш жүз адамнан тұрды. Барлық мемлекеттің ішкі, сыртқы мәселелерінің барлығын шешіп отырды. Рим республикасы мемлекеттік құрылысы тұрғысынан алғанда аристократиялық республика болды.

## 8.V ғ. Герман тайпалары мен Франк мемлекеті.

Герман тайпалары Рейн мен Эльбаға дейінгі аймақты мекендеді. IV ғасырдың аяғында Герман тайпалары Батыс Рим империясына қарсы соғыс қимылдарын жасады. 378 жылы Андрианополь қаласының маңында Рим императоры Валенттің әскерін германдық вестготтар талқандады. 410 жылы Аларих бастаған вестготтар Римді басып алды. Осы соғыс қимылынан кейін 418 жылы Оңтүстік Батыс Галлияда Вестгот (Испания) корольдігі құрылды. V ғасырдың аяғында Германдықтар Батыс Рим империясының территорияларында:

Вандалдар – Солтүстік Африкада астанасы Карфаген, көсем Гайзерих басшылығында 429 жылы құрылды.

Вестготтар – Испанияны, астанасы Толедода 418 жылы құрылды.

Остготтар – Италияны – астанасы Равена.

Франктер – Солтүстік Галлияны.

Англдар мен Сакстар – Британияны басып алды.

476 жылы Рим империясы өмір сүруін тоқтатты. Германдықтардың баса көктеп кіруі батыс Европадағы құлдыраған құл иеленушілікті жойды. Германдықтар құлиеленушілік қоғамға соқпаған.

Франктер Рейн өзенінің төменгі ағысын мекендеді. V ғасырдың аяғында мервей руынан шыққан көсем Хлодвиг көзеге түсті. Солтүстік Галлияда ең қуатты Франк мемлекеті құрылған. Оны Хлодвиг (486-511) басқарып, елдің ішіне жаңаша реформалар жүргізілді. Ол 500 жыл шамасында король болды. Таптардың тууымен франктерде мемлекет пайда болды. Хлодвиг франк корольдігінің құрылуына еңбек сіңірді. Франк мемлекеті аймақтарға бөлінді.

Хлодвигпен Меровингтік кезең басталды (V – VIII ғасырлар). Хлодвиг 511 жылы қайтыс болды. Кейінгі меровингтік корольдер Жалқау корольдер деп аталып, негізгі билік үй басқарушыларының қолына өтті. (майордом – үйдің үлкені)

Хлодвиг 511 жылы өлгеннен кейін билік үшін күрес басталып, майордом Карл Мартель (715-741) патшамен санаспай-ақ өз билігін жүргізді. 732 жылы Пуатье қаласының түбінде арабтарды жеңді. Карл Мартель Пуатьедегі араб атты әскерінің күштілігін көріп, елде «Бенефиция» деген (салық) реформа жүргізді. Карл Мартельдің ұлы Қортық Пипин 751 жылы ресми түрде король атағын алып, 768 жылға дейін биледі. Меровингтер әулетінің ең соңғы королі III Хильдерик монастырьға қамалды.

Королингтер әулетінің ең атақты королі – Ұлы Карл (768-814) билік еткен жылдарында 53 жорықтың 27-сін өзі басқарды. 800 жылы Карл Римде папаның қолынан император атағын алды. Астанасы – Аахен. Ұлы Карл империясы ерте феодалдық ел болды.

843 жылы Ұлы Карлдың ұрпақтары Верден қаласында империяны бөліске салып, нәтижесінде: Италия, Франция, Германия мемлекеттері қалыптасты.

## 9. Византия империясы. V-X ғасырлардағы Арабтар.

Рим империясының екіге бөлінуі. Рим империясының шығыс аймақтары экономикасының даму деңгейі жағынан варварлар шапқыншылығынан зардап шеккен батыс аймақтардан әлдеқайда алда болды. Сол себепті императоры Константин 324 жылы астананы Рим қаласынан Босфор бұғазындағы Византий деген қалаға көшірді. 330 ж. ол қаланың аты Константинополь деп өзгертілді.

395 жылы Рим империясы ресми түрде Батыс және Шығыс болып екіге бөлініп кетті. Константинополь Шығыс Рим империясының астанасы болып қала берді. Бұл қала бұрын Византия деп аталғандықтан, Шығыс Рим империясы тарихта Византия империясы деп аталды.

Византия империясы Еуропаға, Азия мен Африкаға дейін созылып жатты. Оның құрамында Балқан түбегі, Кіші Азия, Сирия, Палестина, Египет, Месопотамия мен Арменияның біраз бөлігі, Жерорта теңізінің шығысындағы аралдар мен Қырымдағы, Кавказдағы иеліктер кірді. Халықтар құрамы әртүрлі болды: гректер, еврейлер, арабтар, дактар, армяндар, грузиндер т.б. кірді. Латын халқы аз болса да VII ғасырға дейін латын тілі мемлекеттік тіл болды. Кейін оны грек тілі ығыстырды. Шығыс Рим империясы Батысынан қарағанда әлдеқайда бай болды. Империяны Египет пен Фракия астықпен қамтамасыз етті. Византияда қолөнері дамыған, сауда орталығына айналған Александрия, Антиохия, Иерусалим, Константинополь қалалары көп болды. Аз уақыттың ішінде бай қалаға айналған Константинополь Шығыс пен Батыс арасындағы «алтын көпір» атанды. Византияның алтын ақшасы – номисма барлық елдерде ең сенімді ақша болды.

Византия империясы жері құнарлы болғандықтан 2-3 рет өнім жиналатын. Византияның ауыл шаруашылығында құл еңбегінен гөрі ерікті жер иеленушілер мен шаруалар қауымдары басым болды.

Өкімет билігі. Мемлекеттігі жағынан Византия империясы бір адамның шексіз билігіне бағындырылған монархия болды. Барлық өкімет билігі василевстің (византиялық император атағы) қолына шоғырланды. Оның билігі құдайдың әмірімен берілді деп саналды. Император «құдайдан ғана кіші, құдайдан кейінгі бірден бір» басшы болып саналды. Жұрт құдайдан кейін императорға бағынды. Императордың мұрагері заң жүзінде бекітілмеді. Сондықтан шамасы келген бүлікші жеңіске жетіп, тақты басып алса, заңды мемлекет басшысы болып шыға келетін.

Византияда «димдер» деп аталатын саяси партиялардың ықпалы зор болды. Олардың ішінде, әсіресе венеттер («жасылдар») мен синдер («көктер») партиялары ерекше оқшауланатын. 532 жылы осы партиялардың басшылығымен болған Ника («жеңу») көтерілісі әрең дегенде басылды.

Юстиниан және оның заңдары. Византия империясының күшейген кезі Юстиниан (527-565) билік құрған кезі болды. Ол өте батыл болды. Юстиниан Италияны, Солтүстік Африканы, Испанияның оңтүстік батысын өз империясына қосып алды. Славяндардың шапқыншылығына да қарсы тұрды.

Сасанилік Иранмен де соғыс жүргізді. Юстиниан билік құрған кезде христиан діні үстемдік жағдайға ие болып қана қойған жоқ, ол мемлекеттік дін болып жарияланды. Империя ынтымағын нығайтқан дін ретінде Юстиниан 532-537 жылдары Константинопольде Әулие София храмын салғызды.

VI ғасырдың аяғынан бастап Византия шіркеуінің ең жоғарғы басшысы Константинополь патриархы болды. Император шіркеуге жер беріп, оларды салықтан босатты.

Шығыс Рим империясының Батыстан бір ерекшелігі Византия халықтарының бәріне бірдей ортақ әрі міндетті заңдар мен құқықтар негізінде өмір сүруі болды. Юстиниан билігі кезінде жазылған «Азаматтық құқықтар жинағы» - византиялық заң шығарушылық ой пікірдің жетістігі. Ол заңдар императордың шексіз билігін, құл иеленушілік құрылысты нығайтуды, меншік құқын қорғауды көздеді. Сонымен қатар жеке меншікті қорғау, мұрагерлікті реттеу, отбасы құқын сақтау, сауда саттықты дамыту жолдары тұжырымдалды.

VIII-IX ғасырларда Византияны иконға қарсы күрес әлсіретті. Ол күрес халық бұқарасының шіркеу байлығына, дінбасыларының бұзылғандығына қарсы наразылығын білдірді. 843 жылы иконға табынушылық қайта қалпына келтірілді. Осымен Иконға қарсы күрес аяқталды.

VII ғасырдың аяғында Византия василевстерінің қолында Юстиниан тұсындағы державаның үштен бірі ғана қалды. Осы кезде Византия құл иеленуші империядан феодалдық мемлекетке айнала бастады. Империядағы феодалдық қатынастар X-XII ғасырларда түпкілікті орнады.

Герман тайпалары және олардың Батыс Рим империясына басып кіруі. IV ғ. Рим империясы әлсірей бастады. Оның бірнеше себептері болды. Басты себебі құлдар еңбегінің тиімсіздігі еді. Олар жиі жұмыстан бас тартты. Билік басындағылар әскерді қамтамасыз ету үшін салықты көбейтті. Енді өкіметке тек құлдар ғана емес қарапайым халық та қарсы шықты. Шіркеуге де құлдар мен халықтар зекет салығын төлеп тұрды. Тойымсыз дінбасыларға қарсы қалың бұқара арасында күпірлер қозғалысын тудырды. 395 жылы Рим империясы Батыс және Шығыс болып екіге бөлінген болатын. Қатты күйзеліске ұшыраған Батыс империяға герман тайпалары – вандалдар, вестготтар (батыс готтар), остготтар (шығыс готтар), ағылшын-сакстер, франктер және тағы басқалар шабуылдарын күшейтті. Бұл тайпалардың қоғамдық даму деңгейі біркелкі емес еді. Кейбіреулері отырықшылық өмір сүріп, егіншілікпен шұғылданса, екіншілері мал шаруашылығымен айналысып, қоныс аударып отырды. Германдық тайпалардың негізгі шаруашылық ұясы қауым болды. Қауым мүшелері тапқа бөлінбей, жерді бірігіп өңдеді. Қауымдарды сайланып қойылатын көсемдер басқарды. Дау дамайды ру ақсақалдары шешті.

IV ғ. аяғынан бастап германдық тайпалар Батыс Рим империясына қоныстанды. Оларды шығыстан көшпелі ғұндар ығыстырған болатын. 378 ж. Адрианонополь қаласы маңында германдық вестготтар император Валенттің өзі басқарған Рим әскерін талқандады. Осы жеңілістен кейін Империя оңала

алмады. 410 ж. Аларих бастаған вестготтар Римді басып алды. Бірақ олар Римде тұрақтап қала алмады, азық-түлік қоры таусылды, оның үстіне Империя тұрғындары варварларға қарсы күресін тоқтатқан жоқ еді. Сол себепті вестготтар Оңтүстік Галлияға өтіп кетті. 418 жылы Оңтүстік-Батыс Галлияда Вестгот корльдігі пайда болды.

429 ж. вандалдар ғұндармен бірге келген аландармен қоса Солтүстік Африкаға өтті. Вандалдарды король Гейзерих басқарды. Ол солтүстік Африканың едәуір бөлігін басып алып, 429 жылы Вандал корольдігін құрды. V ғасырдың аяғына қарай ғұндардың ығыстыруымен Рим империясының жеріне басып кірген франктер – Галлияда, остготтар – Италияда, ағылшын – сакстер Британия аралында өз мемлекеттерін құрды. 476 ж. Батыс Рим империясы әскербасыларының бірі Одоакр (Әдекер) герман тайпаларынан құрылған әскермен көтеріліске шықты. Ол императорды тақтан құлатып, жер аударды. Одоакр өз жауынгерлеріне және көмекке келген құлдарға байлардан тартып алынған жерлерді бөліп берді. Осы жыл тарихта құл иеленушілік құрылыстың жойылу жылы деп санады.

IV-V ғғ. 476 жылы құл иеленуші Батыс Рим империясы құлады. Оның құлауына ғұндар себепкер болды.

## **10. Ерте орта ғасырлардағы Орталық Азия жеріндегі феодалдық қатынастар**

V-VI ғасырлар аралығында Орта Азия, Ауғанстан, Солтүстік-батыс Үндістан және Шығыс Түркістан жеріне эфталит – ақ ғұндар тайпалық бірлестіктері құрылды. Негізгі иеліктері – Шығыс Иран, Тоқарстан және Шығыс Ауғанстанда орналасқан. Эфталит тайпалары V ғасырда әскери-саяси жағынан бірігіп, Ауғанстан аумағында ірі мемлекет құрды. 460 жылы солтүстік Үндістанды, 484 жылы Иранды бағындырды. Ресми астанасы – Құндыздың жанындағы Бадиян қаласы. Сөйтіп Эфталит мемлекеті Орталық Азияда бір орталыққа бағынған күшті мемлекетке айналды. Ірі қалалары – Кей-Кобад, Сейстан, Гандхар. Қоғамдық құрылысы: патриархаттық қатынас үстем болды. Меншік түрі: жерге жеке меншік орнаған. Шаруашылығы: мал шаруашылығымен айналысты. Бірақ оытырықшы шаруашылық басым болды. Эфталиттер жаулап алған елдерінің мәдени ошақтарын қиратпаған. Эфталит дәуірінен сақталған. Жазба деректердің көбі шығыс иран тілінде жазылып, иран тілінде сөйлеген. Эфталиттер жергілікті тайпалармен бірігіп, қазіргі ауған халқының негізін құрды. Эфталит мемлекетінің ежелгі мәдениет ескерткіштері көп сақталған. Бұл ескерткіштің көбі – будда дінінің ғибадатханасы және храмдары болып келген.

Ежелгі мәдениет ескерткіштерінің орталығы – Герат қаласы болды.

545 жылы Эфталит мемлекетінде ішкі қырқыстың шығуын пайдаланған Иран патшасы Хұсрау біраз бөлігін басып алады.

563-567 жылдары түріктер Орта Азиядағы Әмудария мен Сырдария аралығын бағындырды.

588 жылы Сасани қолбасшысы Бахрам Эфталит мемлекетін толық жаулап алады. Иран мен түріктер Эфталит жері үшін ұзақ мерзімге соғысты.

590 жылы Бахрам патша Термез қаласында таққа отырды.

Бірақ, түріктермен соғысқан кезінде Бахрам патша қайтыс болып, орнына II Хұсрау (590-627) ел басқарып, оның тұсында Иран мемлекеті әлсірейді. Орта Азия толығымен түріктердің қолына өтеді.



## 11. XI-XV ғасырлардағы Еуропа мемлекеттері

XI-XV ғасырларда Италия Еуропаның басқа елдері сияқты бытыраңқы ел болып қала берді. Италия қалаларының онан әрі дамып, жетіле түсуіне кресшілер жорығы себеп болды.

Тынымсыз күрестің нәтижесінде XI-XII ғасырларда Венеция, Генуя, Мантуя, Милан, Феррара, Пиза, Кремона, Болонья, Тоскана, Флоренция қалалары дербестікке қол жеткізді. Тәуелсіздігін жеңіп алған қалалар коммуналар деген атқа ие болды.

Халықтардың ұлы қоныс аударуы кезінде Британияға германдықтардың ағылшын-сакс тайпалары барып қоныстанды. IX ғасырда олар бірікті. X ғасырдың аяғынан бастап бұл бірлестік Англия деп аталды. Оны алғаш даниялықтар жаулап алды. Англия бірлестігі тек XI ғасырда ғана даниялықтардың үстемдігінен құтылды.

Англия корольдігінің осындай әлсіздігін пайдаланып, 1066 жылы Британ аралдарына Нормандия герцогі Вильгельм басып кірді. Сөйтіп өзін Англия королі деп жариялады. Ол «Жаулап алушы» деген атаққа ие болды. «Жаулап алушы» Вильгельм тұсында Англия қуатты державаға айналды. Ол әсіресе Вильгельмнің шөбересі II Генрих Плантагенет (1154-1189) тұсында онан сайын дамыды.

1381 жылы көктемде Англияның оңтүстік-шығысында шаруалар көтерілісі басталды. Оған жаңа салықтың енгізілуі себеп болды. Көтеріліске Уот Тайлер басшылық етті. Көтеріліс шыққан аудандарда король соттары жұмыс істеп, көтеріліске қатысқандарды қатаң жазалайды.

711-714 жылдары Пиреней түбегіндегі Вестгот корольдігіне арабтар өз үстемдігін орнатты. Бұл жерде арабтарды маврлар деп атады. Себебі олар Солтүстік Африкадағы Мавритания аймағынан келген болатын. Арабтар мұнда 756 жылы Кордова әмірлігін құрып, оны 929 жылдан бастап тәуелсіз халифаттық деп жариялады.

Арабтар әкелген озық ислам дінінің табыстары католик шіркеуіне ұнамады. Сондықтан да бұл шіркеу иелері жергілікті христиан дініндегі халықты арабтарға қарсы айдап салып отырды. Бұл арабтарға қарсы күрес реконкиста деп аталды. Ол «қайтарып алу» дегенді білдіретін.

1479 жылы Арагонның королі Фердинанд Кастилия ханшайымы Изабеллаға үйленді. Екі корольдік бірігіп, Испан корольдігі деп атала бастады. 1492 жылы реконкиста аяқталды. Пиреней түбегінде Испания және Португалия корольдіктері құрылды.

Арабтар билігі кезінде еврейлердің тұрмыс жағдайы өте жақсы еді. Пиренейде испандық король билігі орнаған соң 1492 жылы еврейлер Испаниядан қуылды.

962 жылы Германия королі I Оттон Римді басып алды. Рим папасы оған тәж кигізіп, император деп жариялады. Германия империясының құрамына

Солтүстік Италия да кірді. Германия корольдігі «Қасиетті Рим империясы» деп аталды.

Славян мемлекеті ІХ ғасырда құрылды. Киев Русінің астанасы Киев қаласы. ХІ ғасырда Киев Русі Балтық теңізі мен Қара теңіздің, Днестр мен Еділдің аралығын алып жатты. Кнәзі-Ярослав Мудрый. ХІІ ғасырдың ортасында монғол-татарлар шапқыншылық жасады. Бұл шапқыншылықта қала түгел талқандалып, тұрғындары қырғынға ұшыраған еді.

## 11. Ортағасырлық кезеңдегі Шығыс елдері мен XI-XV ғасырлардағы Орта және Орталық Азия, Африка елдері.

XI-XIII ғ. аралығында Орта Азия мемлекеттерінде көптеген қалалар болған. Олардың көбі самани дәуірінен бастап дамыған қалалар еді. (Самани мемлекетінде билік еткен парсы әулеті 819-999, арғы аталары Самани Худат. Самани әулеті 819 ж. Мауераннахр т.б қалаларды биледі).

Орта Азиядағы ірі ортағасырлық қалалар – Самарқан, Бұхара, Термез, Мерв, Үргеніш көлемі және халқының саны жағынан өсіп отырды. Орта Азия қалалары қолөнердің орталығы болды. Орта Азия қалаларының орталығы – цитадель, сыртындағы қолөнершілер мен саудагерлер тұратын бөлігі – рабад деп аталған.

Қалалар мен мешіттер, кесенелер мен мәдени, ғылыми орталықтар салынды. Ортағасырлық қалаларда сауда орталығы – жәрмеңкелер көптеп ашылды.

Самани әулеті тұсында бой көтерген қаланың бірі – Бұхара. Бұл қала елдің әкімшілік – басқару орталығы болып қана қойған жоқ, сонымен қатар мәдениет, білім мен ғылым орталығына айналды. Шығыстың ұлы ғалымы Әбу Әли ибн Синаның балалық шағы Бұхара қаласында өтті. Қаладағы Әмір сарайында сол кездегі үлкен кітапхана жұмыс істеген.

X-XV ғғ. Орта Азиядағы ірі қалаларының бірі Самарқан болды. XV ғ. елдің астанасы болған қала кеңейіп, Ұлықбектің кезінде мәдениет және сәулет өнерінің орталығына айналды. 1428-1429 жж. Самарқан қаласында аспан әлемін бақылайтын орын обсерватория салынды. Обсерваторияда Ұлықбектен басқа Қазы Заде Руми және Гиясуддан Жәмшид жұмыс атқарды. Ұлықбек өз заманында «Гурган астрономиялық кестесін» жасады. «Ұлықбек Зиджі» кестесі ғаламшарлардың (планеталардың) қозғалысын бейнелейді.

Самарқан қаласында сол заманғы ең ірі кітапхана болды. Кітапхана қорында 15 мың кітап сақталған. 1417-1420 ж.ж. Самарқан қаласының ортасындағы Регистан алаңында ең ірі медресе жұмыс істеді. Бұл ортағасырлық сәулет өнері ескерткіші біздің заманымызға дейін сақталып, қазіргі Самарқан қаласының көрікті жерлерінің біріне айналды.

Ғылыми білімдердің дамуы. Орта ғасырдағы Орта Азия елдерінің көрнекті ғұлама ғалымдары: Әбу Райхан әл-Бируни, әл-Хорезми, Әбу Әли ибн-Сина, Ұлықбек, Әл-Фараби т.б.

Әбу Райхан Бируни 973 жылы Қият қаласының іргесінде ауылда дүниеге келді. 150-ге жуық кітап жазған, оның 45-і астрономия мен математикаға арналған. Бируни еңбектерін араб тілінде жазған. Оның «Үндістан», «Масғұд каноны» т.б. бірқатар шетел тілдеріне аударылған. Үндістанның табиғаты, халқының әдет-ғұрып, салт-дәстүрі туралы жазған. Бируни география саласында да қыруар еңбек жазған.

Әл-Хорезми (795-857) алгебра ғылымының негізін салушы. Математика саласында ең ірі еңбегі «Китабал жабр ва мукабаа» деп аталады. Заманында бұл еңбегі жоғары бағаланып, оны «алгоритм атасы» деп атаған.

Хорезмидің «Астрономия кестесі», «Күн сағаты туралы трактат» еңбектері жоғары бағаланған.

Әбу-Әли ибн-Сина (980-1037) Әл-Фарабидің шәкірті болған. Аристотельдің еңбектерін өзі оқып түсінуге ұмтылған. Ол «Дәрігерлік ғылым каноны» атты 5 кітаптан тұратын медициналық энциклопедияның, «Білім кітабы» деп аталатын философиялық энциклопедияның, араб және парсы тілдерінде жазылған ойлы өлеңдердің авторы. 1000 жылы Бұхара қаласынан Үргенішке келіп, Бирунимен кездесіп, ғылыми кітаптарының көбін осы қалада жазады.

## 12. XVI-XVII ғғ. Еуропа мемлекеттері

XVI ғ. басында Францияның саяси экономикалық күш қуаты артып, бүкіл ел бір орталықты өкіметке король билігіне бағындырылды. 1539 ж. Франция королі I Франциск мемлекеттік тіл ретінде енгізді. Осыдан бастап мемлекеттегі ресми құжаттар латын тілінде емес, француз тілінде жүргізіле бастады. 1555 жылы француз дәрігері, математик, астролог Нострадамус (Мишель Нотрдам; 1503-1566) «Жүзжылдық» атты кітап жазып, онда 2025 жылға дейінгі адамзат тарихында болатын алапат соғыстар мен қанқұйлы қатыгездіктерді алдын ала болжап айтты.

XVI ғ. Франция алғашқы қорлану кезеңіне аяқ басты. Феодалдық қоғамның ішінде капиталистік өндіріс туа бастады. XVI ғ. мануфактуралық өндіріс өмірге келді. Мануфактура дегеніміз еңбек бөлінісіне және қолөнері техникасына негізделген ірі кәсіпорындар. Мануфактура шыны, жібек, шұға, қағаз, тері-терсек т.б. кәсіпорындарда кең өріс алды. Франция Англия, Германия, Америкамен сауда жасады.

XVII ғ. басында сыртқы сауданы дамыту мақсатында Франция Америка құрлығында отар басып алуға кірісті. 1608 жылы Канадада француз отарының орталығы болған Квебек қаласының негізі қаланды.

Сауда несиесі баяу дамыды. Алғаш Франциядағы ірі банкирлер итальяндықтар болды. Лиондағы ақша биржасы елдің ақша орталығына айналды.

Әлеуметтік жағдай. Ақша тауар қатынастарының қалыптасуы барысында қоғамда буржуазия мен жалдамалы жұмысшылардың топтары өмірге келді. Буржуазия дегеніміз табыс көзі жалдамалы жұмысшылардың еңбегін пайдалануда болып табылатын өндіріс құрал жабдықтарының иесі. Ал жалдамалы жұмысшылар қатары жерсіз қалған шаруалармен толықтырылып отырды.

XVI ғ. қарай француз шаруаларының көпшілігі жұмысшыға, тауар өндірушілерге айналды. Шаруалардың іскер тобы байи түсіп, қолынан іс келмейтіндер тобы кедейлене түсті. XVI ғ. француз деревнясы қорлану жолына қадам басты.

Азамат соғыстары. Феодалдық қатынастардың ыдырау процесінің онан әрі жалғасуы, феодализмнің ішінде капиталистік қатынастардың қалыптаса бастауы әлеуметтік-экономикалық жағдайды шиеленістіре түсті. Ол шиеленіс елдегі 1559-1598 ж.ж. азамат соғысының бір себебі болды.

XVI ғ. екінші жартысында «діни соғыстар» басталып, елдің саяси-экономикалық жағдайына зардабын тигізді. Бұл соғыстар католик шіркеуінің, озбырлығына, кертартпалығына қарсы бағытталды. Француз халқының католиктік дінге наразы тобы гугеноттар деп аталды. Ол атау немістің «одаққа біріккендер» деген сөзінен шықса керек. Осы екі діни бағыттың арасындағы теке тірес 1572 ж. тамызда Ворфоломей түні деген оқиғаға әкеліп соқты. Католиктер гугеноттарды қырып салды.

Бұл қырғын елдің Солтүстік және Оңтүстік болып бөлінуіне себеп болды. Ол бөлініс XVI ғ. аяғына дейін созылды. 1593 ж. король Генрих IV католиктік дінге мойынұсынған соң азамат соғыстары аяқталды.

Осындай ішкі соғыстардан әлсіреп шыққан Францияның саяси-экономикалық жағдайы XVII ғ. басында қайтадан жақсара түсті. Бірақ бұл қарқын ұзаққа созылмады. 1618 ж. Франция, Швеция, Голландия, Дания жағында Германия, Польша, Литва, Испанияға қарсы соғысқа қатысты. Ол соғыс 30 жылға, яғни 1648 жылға дейін созылды. Соғыс нәтижесінде Франция Германиядан Эльзас жерін тартып алды. Испаниямен соғыс тек 1659 жылы аяқталды.

Францияның XVII ғ. бірінші жартысындағы саяси-экономикалық жағдайы жақсара түсті. Бұл жетістіктерге корольдің бірінші министрі кардинал Ришельенің үлесі зор болды. Ол Францияда 1624 жылдан 1642 жылға дейін биледі. Ришелье феодалдық-ақсүйектердің қарсылығын тойтарып, бір орталыққа бағынған өкімет билігін нығайтты. XVII ғ. екінші жартысында Францияда шексіз, абсолюттік монархия түпкілікті орнады, ел билігі түгелдей корольдің қолына жинақталды.

Абсолюттік монархияның негізгі белгілері биліктің барлығы корольдің қолында болды. Ағылшын корольдері сияқты, француз корольдері де шіркеуді өзіне бағындырып алды. Мұндай кемшіліктерге қарамастан, XVI-XVII ғ.ғ. бірінші жартысында Франция Еуропа елдерінің арасындағы ең қуатты мемлекеттің біріне айналды.

Кейінгі орта ғасырлардағы Англия. Экономикалық дамуы. Кейінгі орта ғасырларда Англияда капиталдың алғашқы қорлануы қызу қарқынмен жүрді. Оның негізін қауымдық жерлерді қоршап алу қалады. Ол жерлер жеке меншік қой жайылымдарына айналды. Бұрын сыртқы қойдың жүні шығарылса, XVI ғ. қарай шет елдерге шұға шығарылды.

Шұға тоқу ісінің өркендеуі мануфактураның дамуымен байланысты болды. Ол мата, жібек, тау-кен өндірісінде, металл өндеуде кең өріс алды. Қоғамдық еңбек бөлінісі дамып, ұлттық рынок қалыптасты. Шұғаға сұраныстың өсуі ауыл шаруашылығындағы төңкеріске алып келді. Байлар қауымдық жерлермен ғана шектелмей, жекелеген шаруаларды да жерлерінен айыра бастады. Жерсіз қалған шаруалар қалаға ағылды. Жұмысқа орналаса алмағандары қайыршыларға айналды.

Король Генрих III Тюдор (1509-1547) қайыршылық пен қаңғыбастыққа қарсы жарлық шығарды. Ол жарлық бойынша қайыршылар қандай да болмасын жұмысқа орналасуы тиіс болды, әйтпесе жекелеген отбасыларына малайлыққа берілді. Бұл аталған шаралардың бәрі Англияда Еуропаның басқа елдеріне қарағанда капиталистік қатынастардың тез дамуына сыртқы сауданың өсе түсуі, отар басып алуда да үлес қосты.

Ирландияны жаулап алу жүйелі жүргізілді. 1607 жылы Америка құрлығындағы Виргинияда Англияның ең алғашқы отарының негізі қаланды. Теңіз саудасында үстемдікке жету үшін флот ұлғайды, Испаниямен соғысты. 1588 жылы Англия флоты Испанияның «Жеңілмейтін армадасын» талқандады.

1485 жылдан 1603 жылға дейін Англияны Тюдорлар әулетінен шыққан корольдер биледі. Олардың кезінде король билігі күшейіп, тежеусіз сипатқа ие болды. VIII Генрих 1534 жылы Англияның шіркеуін Римге бағынудан азат етті. VIII Генрих алым-салық жинайтын арнаулы палата құрды.

1535-1558 ж.ж. VIII Генрихтің қызы Мария Тюдор билік құрды. Реформация қайраткерлерін қуғынға салғаны үшін оған жұрт «Қанішер» деген жанама ат берді. Мария өлгеннен кейін таққа VIII Генрихтің екінші қызы I Елизавета (1558-1603) отырды. Оның тұсында абсолютизмнің ең басты тірегіне айналды. 1607 жылы Англияның мемлекеттік әнұраны қабылданып, алғаш рет орындалды. Тюдорлар саяси жағынан бүкіл елді өзінің қол астына біріктірді. Сырттан әкелетін даяр бұйымдарға баж салығы салынды. Шикізат пен азық-түлік экспортына тыйым салынды. Тюдорлар тұсында ағылшындардың отарлық экспанциясы күшейді. XVII ғ. тұсында Англияның экономикалық даму жағынан Еуропадағы ең алдыңғы қатарға шығуын қамтамасыз етті.

1603 жылы I Елизавета қайтыс болғаннан кейін таққа Стюарттар әулеті отырды. 1603-1625 ж.ж. I Яков, 1625-1649 жылдары I Карл билік құрған тұста абсолютизм дағдарысқа ұшырады. Феодалдық қатынастар ыдырап, елде ірі кәсіпорындар пайда бола бастады. Кедейленген шаруалар бірте-бірте жалдамалы жұмысшыларға айналды. Буржуазиялық революцияның экономикалық, саяси және идеологиялық алғышарттары қалыптасты. Ағылшын буржуазиялық революциясы 1640 жылы басталды. Ол адамзат тарихының жаңа кезеңіне жол ашты.

### 13. Орыс жерлерін біріктірудің аяқталуы және Алтын Орданың құлауы.

Орыс жері моңғол-татар шарқыншылығы қарсаңында. XII ғасырдың 30 жылдарынан XV ғ. аяғына дейінгі аралықта Орыс мемлекеті жаңа тарихи кезеңді басынан кешірді. Бұл кезең тарихта феодалдық бытыраңқылық деп аталды. Бұл процесті Еуропа мен Азиядағы мемлекеттердің барлығы да бастарынан өткізді.

Феодалдық қоғамның дамуы барысында кез келген мемлекеттер саяси бақталастық пен қырқысудың нәтижесінде әлсіреп, бірнеше саяси бөліктерге бөлініп, жеке княздіктерге айналып отырды. Жеке кінәздіктерде өндіріс күштері дамып, феодалдық қоғамда күшті орталыққа айналды. Әрбір жеке субъектінің, табиғи шаруашылықтың дамуына жол ашылды. Бірақ та ірі шаруашылықтың табиғи дамуы олардың бір-бірінен оқшауланып, өз алдына жеке өмір сүруге бейімдеді. Ортақ рыноктың болмауы, қарапайым айырбас жеке кінәздіктер арасындағы байланыстың жойылуына алып келді. Ал саяси басшылық жағынан жекелеген кінәздіктер мен боярлар күшейіп бір-біріне бағынбайтын болды.

Осындай процестер Еуропадағы ірі Ұлы Карл империясының құлауына, оның орнына қазірге дейін өмір сүріп отырған жеке мемлекеттердің құрылуына алып келді. Табиғи шаруашылықтың үстемдік жасауы, феодалдық Киев Русі мемлекетінде ішкі байланыстың әлсіреуі орыс жерінің бірнеше кінәздіктерге бөлінуіне жеткізгені белгілі. XII ғ. 30 жылдарынан бастап ежелгі Киев Русі мемлекеті Киев, Владимир Суздаль, Чернигов, Смоленск т.б. кінәздіктерге бөлініп кетті.

Владимир-Суздаль кінәздігі. XII-XIII ғ.ғ. аралығында Владимир-Суздаль жері шаруашылық-саяси жағынан күшейіп, Киев Русіне бағынбай, өз алдына бөлініп, кінәздік құрды. Жерінің құнарлы болуы кінәздіктің күшеюіне жол ашты.

Осы табиғи жағдай егіншіліктің, мал шаруашылығының, қолөнердің дамуына да мүмкіншілік жасады. Кінәз шаруашылығында қара бидай, арпа, сұлы егілді, ірі қара, шошқа және шіркеу жер иеліктері кеңейтіліп, феодалдық қатынастар нығайды. XII-XIII ғ.ғ. сауданың өсуі қалалардың салынуына жол ашты. Олар: Владимир-Суздаль, Переславль-Залесский, Стародуб, Ростов, Галич, Кострома, Тверь, Нижний Новгород, Мәскеу қаласын 1147 жылы кінәз Юрий Долгорукий салдырды. Ол Владимир Мономахтың (1109-1125) ұрпағы еді.

Юрий Долгорукий (1125-1157) – Владимир-Суздаль кінәзі. Ол көршілеріне шабуыл жасап, кінәздік жерін кеңейтіп отырды. Еділ-Кама өзенінің аралығын, Рязань мен Муром жерін өзіне бағындырды.

Юрий Долгорукий өлгеннен кейін оның баласы Андрей Боголюбский 1169 ж. Киевті бағындырып, орыс жеріне тұтас үстемдік жүргізуді ойлады. Андрей Боголюбский (1157-1174) ішкі саясатта боярлар билігін тежеп, кінәздік билікті күшейтті. Бағынбаған боярлар жерін тартып алып, елден қуып жіберді.



Владимир Суздаль кінәздігі Всеволод Юрьевич Большое Гнездо (1176-1212) тұсында дамудың жоғарғы деңгейіне жетіп, орыс жерінің саяси дамуына әсерін тигізді. Всеволод бүкіл орыс жеріне аты шыққан кінәз ретінде мадақталады. Всеволод өлгеннен кейін Владимир Суздаль кінәздігінде бақталастық күшейіп, кінәздік әлсірей бастады. Владимир-Суздаль кінәздігінің мәдениеті жоғары дамыды. Владимир қаласында Успен және Дмитрий соборлары, қала маңында қолөнершілер тұратын ірге көтерген.

Галич-Волынь жері. Орыс мемлекетінің оңтүстік-батысында орналасқан бұл кінәздіктің жер көлемі өте үлкен болды. Карпат тауынан Днестр-Дунай өзені бойына дейін, оңтүстік-батысында Литва княздігімен, солтүстігінде Полоцк жеріне дейін, батысында Венгр және Польшамен, шығысында Киев кінәздігімен, Половшылар (қыпшақ) даласымен шектеседі.

#### 14. XVII-XVIII ғғ. Азия, Африка елдері

Үндістан. ХҮІІ ғ. алғашқы ширегінде Үндістанның солтүстігінде мұсылман мемлекеті Дели сұлтандығы өмір сүрді.

1526 ж. Орта Азиядан шыққан Бабыр (1525-1530) Үндістанның солтүстігін жаулап алады. Ол әмір Темірдің әулетінен шыққан. Бабырдың Ауғанстанда және Солтүстік Үндістандағы иелігі – Ұлы моғолдар мемлекеті деп аталды. (Үндістанда «Моғолдар» деп моңғолдарды) атаған, исламды мемлекеттік дін деп жариялады. ХҮІІ ғ. ортасына қарай Үндістанның солтүстігі мен орталық бөлігі де Ұлы Моғолдар мемлекеті құрамында болды. Үштен екісіне моғолдар билік етті. Барлық билік падишахтың қолында болды. Моғолдардың соңғы билеушісі Аурангзеб падишах билігі кезінде (1658-1707) мемлекет 19 облысқа (суба) бөлінді. Ұлы Моғолдар мемлекетінде бүкіл жердің иесі падишах болып есептелді. Джагир – әскери қызметі үшін жеке меншікке берілген жер. Заминдер – жеке меншік жер, оның иелері заминдарлар меншігіндегі жерді өңдеуге шаруаларды пайдаланды. Осы жерден алынған өнімнің 10 %-ын өзіне қалдырып, қалғанын мемлекетке өткізіп отырды. Жерлерді мұрагерлікке қалдыра алды.

Инам – Мұсылман дінбасыларына берілген жер, олар салықтан босатылды.

Уакф – діни орындардың, яғни мешіт, медресе, діни мектептердің меншігіндегі жер. Ұлы Моғол мемлекетінің құрамына кірген Үндістанның Бенгал, Маратха, Гуджарат, Пенджаб сияқты ірі ұлыстары кастаға бөлінді. Үнді қоғамының аса кедей төменгі топтарын жиіркенішпен кесапаттылар деп атады.

XVII ғ. Үндістанның солтүстік батысында Пенджабта сикхалардың діни қозғалысы пайда болды. Олар касталық жүйені жоюға, үнді құдайларына сыйынудан бас тартты. Моғол билігі мен раджалардың билігіне қарсы шықты. Сикхалардың көсемі Говинд (1675-1708) негізгі күшті тәуелсіз Сикха мемлекетін құруға жұмылдырды. Күрес XVIII ғ. екінші жартысына дейін созылды. Нәтижесінде Сикха мемлекеті пайда болды.

Махараштра – Үндістанның батыс бөлігінде орналасқан маратха халқының отаны. Жерінің бір бөлігі XVIII ғ. бірінші жартысында Моғол мемлекетінің құрамында, бір бөлігі Голконда мен Биджапур сұлтандығының қолында болды. XVIII ғ. Маратха феодалдары Моғолдарға қарсы шықты. Көтеріліс көсемі Шиваджи (1627-1680) 20 бойы күресті. 1657-1674 ж.ж. маратхалар жеңіске жетіп, Үндістанда қуатты мемлекеттердің бірін құрады.

Халықтың жағдайы нашар болып бірінен кейін бірі моғолдардан бөліне бастады.

Иранның билеушісі Нәдіршахтың 1739 жылы Делиге шабуыл жасауы мемлекеттің ыдырауын тездетті.

1724 ж. Декандағы билеушісі дербес Хайдарабат ұлысын құрды, 1740 ж. Бенгалия бөлінді, 1747 ж. Ауд ұлысы тәуелсіздік алды. 1747 жылы Ауған мемлетінің негізін салушы Ахмед шах Дуранидің шабылуы басталды. 1761 ж. Маратхалар ауғандардан күйрей жеңілді. XVIII ғ. ортасына қарай Ұлы

Моғол мемлекеті құлады. XVIII ғ. ортасында Үндістанды отарлауға ұмтылған еуропалықтардың ішінде ең белсенділік танытқандар Француз компаниялары мен Ағылшындық Ост-Индия компаниясы. Екі ел арасында Үндістан үшін (1756-1763) жеті жылдық соғыс болды. Ост-Индия компаниясы жеңіске жетті.

XVIII ғ. Ост-Индия компаниясы бытыраңқылықты пайдаланып ең бай Бенгалияны басып алды, бірінен кейін бірін басып ала берді, Үндістанды отарлауды қанды қырғынмен ұзақ уақыт жүргізді. Үндістанды отарлауға кең жол ашылғаннан кейін ағылшындардың сауда-өнеркәсіп буржуазиясы Ост-Индия компаниясының жеке отарлауына қарсы болды.

Ағылшын өкіметі 1773 ж. Үндістанды билеу жөнінде заң қабылдап, заң бойынша Үндістанды басқаратын генерал-губернатор тағайындады. Бұл қызметке үміткерді Ост-Индия компаниясымен бірге парламент ұсынатын болды. Үндістандағы бірінші генерал-губернатор болып ағылшын Уоррен Хейстингс тағайындалды. Ағылшын билеушілері сот, салық жинау, полиция және т.б. қызметтерді өз қолына алды. Ағылшындар жергілікті үнділер мен мұсылмандарға қарсы қандай қылмыс жасаса да, жазаға тартылмайтын болды.

Отаршылдар Үндістандағы өз мүдделерін қорғау үшін жалдамалы жасақ құрды. Еуропалық офицерлер басқарған, солардың қару-жарағымен жарақталған, еуропаша тәрбиеленген оларды сипайлар деп атады.

1757-1780 ж.ж. арасында ағылшындар Үндістаннан тауар және ақша түрінде 38 млн стерлинг алып кетті. Қолөнер мен сәулет өнерімен аты шыққан Бомбей, Мадрас, Калькутта сияқты қалалар ірі сауда орталықтары болды.

Алғаш Үндістанда пайда болған еуропалықтар португалдықтар еді. Олар Үнді жағалауындағы саудаға бақылау жасап, билік жүргізіп тұрған. Бірақ бұл жерлерге кейін келген нидерландықтар мен ағылшындар португалдықтарды ығыстырып шығарды.

XVII ғ. (1600 ж.) негізі қаланған голландық және ағылшындық Ост-Индия компаниялары үнділерден әр түрлі маталар, қолөнер бұйымдарын сатып алып, оны Еуропаға апаратын. Еуропадан әкелінген тауарлар өте қымбат болғандықтан Үндістанда өтпейтін.

Еуропалық компаниялардың ішінен Үндістанда үлкен табысқа ие болғаны Ост-Индия компаниясы еді. Үндістаннан бұл компания мақта, мата, жібек бұйымдарын тасыды. Ост-Индия компаниясы Үнді маталарын Еуропаға ғана тасып қоймай, Шығыс елдеріне де алып барды.

XVII-XVIII ғ.ғ. Үндістанда жібек пен мақта, мата өндірісінде, кеме жасау, тағы басқа мануфактуралар пайда болды.

## **15. Осман империясы**

Осман империясының негізін қалаушы Осман бей 1299 жылдан бастап нығайған Осман әмірлігінің толық құқылы басқарушысы болды. Осман бей Византияның кішіазиялық провинцияларын бірінен соң бірін бағындырды.

1400 жылы Константинопольге шабуыл басталып, одан кейін, 1453 ж. Кіші Азиядағы және Балқандағы барлық византиялық аумақтар Түркияның билігіне көшті.

Жаңа дәуірдің басында Осман империясы Еуропадағы, Азиядағы, Африкадағы орасан зор аумақты иеленді. Осман мемлекеті өз ішінде біртұтас бірліктегі, тату ел бола алған жоқ.

Осман империясында XVII-XVIII ғ.ғ. феодалдық қатынастардың дамуында жаңа заманға тән өзгерістер жүріп жатты. Сипахилердің жер иеліктерінен айырыла бастауы елдің әскери күш қуатының, жергілікті және орталық өкімет билігінің әлсіреуіне себеп болды. XVII ғ. бірнеше рет әскери, яғни сипахилік жер иелену жүйесін сақтап қалуға, сипахи әскерінің

жауынгерлік әрекетін арттыруға әрекеттер жасалды. Бірақ бұл шаралар оңды нәтиже берген жоқ. Елде күйзеліс одан әрі күшейе түсіп, одан әрі құлдырауына себеп болды.

1475 ж. Түрік сұлтанына Қырым хандығы бағынышты болды. 1514 ж. түріктерге өзінің шығыстағы күшті көршісі Сефевидтік Иранның қарсылығын жеңудің сәті түсті, соның нәтижесінде арабтық Шығысқа мүмкіндігі қамтамасыз етілді. 1516-1517 ж.ж. Мысыр, Сирия, Хиджаз және ондағы Мекке мен Медине қалалары түрік сұлтанының билігіне көшті. Екі ғасырдан аз уақытта елеусіз Осман әмірлігі күллі әлемге әйгілі болды. Қуатты османдық Түркия Еуропа, соның ішінде Ресей үшін аса қатерлі ел болды. Оның флоты Жерорта теңізінде билік құрды, түріктердің әскерлері Венаға бірнеше рет шабуыл жасады. Вена түбіндегі жеңістен кейін 1684 ж. османдарға қарсы «Қасиетті лига» коалициясы құрылды. Оның құрамына Австрия, Польша, Мальта, Ресей кірді. Сөйтіп, балқан халықтарының түрік үстемдігіне қарсы күресі күшейді.

Осман империясының жағдайы нашарлай берді. Сипахилік әскер саны жыл сайын азайып, тоқырап кетті. Бүкіл елде, астанада халық наразылықтары күшейді.

1696 жылы I Петр Азов бекінісін тартып алды, ал келесі жылы австриялық қолбасшы Евгений Савойский Тиса өзені бойында түрік әскерлерін талқандады. Осы шайқаста әскерге басшылық еткен II Мұстафа бас сауғалап қашып құтылды. 1699 жылғы Карловыдағы келісімшарт бойынша Австрия бүкіл Венгрияны, Трансильванияны, Словенияны қайтарып алды, Польша Украинаның оң жағалауы мен Венеция өзіне Морея мен Эгей теңізіндегі бірқатар аралдарды қайтарып алды.

1700 жылғы Ресей өзіне Азов пен оған жақын жатқан жерлерді қаратып алды. XVII ғ. екінші жартысында жүргізген соғыстардан күш қуаты әлсіреп, жерінің көп бөлігінен айырылды.

Стамбұл, Измир, Салоники, Александрия теңіз сауда порттары арқылы Еуропамен, Азияның және Африканың елдерімен сауда байланыстары жүрді. Стамбұл қаласына жыл сайын оннан аса сауда керуендері және Франциядан, Англиядан, Голландия мен Венециядан сауда кемелері келіп тұрды.

XVIII-XVIII ғ.ғ. Осман империясы қаржы дағдарысқа ұшырады. Түрік сұлтандары Еуропа жақтан төнген қауіпті сезіп, тез арада реформалық әрекеттер жасауға кіріседі. Осман империясында алғашқы мануфактура пайда болды, теңіз флоттары, әскери кемелер, қару-жарақтар жетіле түсті. Түркия Англиямен, Франциямен, Голландиямен сауда келісімдерін жасасты.

1729 жылы алғашқы мемлекеттік баспахана пайда болды. I Петр кезінде Ресей мемлекетінің күшеюіне байланысты, оның Еуропа елдеріне ықпалы нығая түсті. Еуропадағы билігінен айырылғысы келмеген Түріктер XVIII ғ. Ресеймен және Австриямен соғыс жүргізді. 1730 жылдың басында үкіметтің бұйрығымен өте жоғары әскери салық енгізіліп, халықтың наразылығын тудырды. Осы жылы күзде Стамбұлда Патрон Халил бастаған қала кедейлерінің көтерілісі басталды. 1730 ж. қарашаның 25-інде Патрон Халил өлтірілді. Көтеріліс басылады.

1768-1774 ж.ж. орыс-түрік соғысы Осман империясының сыртқы саясатта беделінің түскендігін көрсетті. Түріктерді соғысқа итермелеген Франция оған ешқандай көмек көрсеткен жоқ. Нәтижесінде Осман империясы Еуропадағы иеліктерінен айырылды.

XVIII ғ. екінші жартысында Осман империясында оның құрамындағы халықтардың ұлт-азаттық күрестері өршіді. Түрік үстемдігіне қарсы Балқанда, араб елдерінде, Кавказ елдерінде ұлт-азаттық көтерілістер күшейді.

Империяда тез реформа жүргізу керек болды. Бұл реформаны таққа отырған түрік сұлтаны III Селим (1789-1807) атқарды. Тұрақты әскер қалыптастырып, оны еуропалық үлгіде дайындауға көшті. Флотты қайта құрды. Стамбулда әскери инженерлік училище ашылды.

1805 ж. Янычарлар III Селимге қарсы шығып, 1807 жылы III Селим тақтан кетіріліп, жазаға тартылды. Осман империясында реформа жасау әрекеттерін жалғастыруды Румелиядағы билеуші Мұстафа паша Байрақтар қолға алады. Тақта отырған, жаңалық атаулыға жаны қас, консервативтік пиғылдағы IV Мұстафа түсіріліп, орнына II Махмұт отырғызылды. Мұстафа Байрақтар өзі ұлы уәзір қызметіне ие болып, реформаларды жалғастыруға кіріседі. Бірақ Мұстафа Байрақтар реформа жүргізуде III Селим қайталамауға тырысты. Феодалдармен бейбіт одақ құруға тырысты. Янычарлар тағы бүлік ұйымдастырып, Байрақтарды өлтіреді.

## 16. XVII-XVIII ғасырлардағы Қытай және Жапония

XVII ғ. 30-40 ж.ж. Қытай мемлекеті, яғни Мин Империясы терең дағдарыс кезеңін басынан кешірді. Салықтың көбеюі шаруалардың жағдайын әлсіретті.

1628-1644 ж.ж. шаруалар көтерілісі болды. Көтерілісті қарапайым отбасынан шыққан Ли Цзычэн басқарды (1606-1645). Көтеріліс біраз қытай жеріне тарады. 1644 жылы көтерілісшілер Пекинді басып алды. Мин әулетінің соңғы императоры бағында асылып өлді. Мемлекет билігі Ли Цзычэн қолына көшті. Осы уақытта Қытайдың солтүстік Шығыс шекарасын күзетіп тұрған әскери шептің қолбасшысы У Саньгуй жедел түрде Маньчжурлардан көмек сұрайды. Ондағы ойы маньчжур әскерімен Пекинді басып алу.

Манчжур тайпалары Қытайдың солтүстік жағында, шекаралас аймақта өмір сүрген. XVII ғ. манчжур тайпалары бір саяси бірлестікке тұтаса бастайды. Нәтижесінде әскери қолбасшы Нурхаци негізін қалаған маньчжур мемлекеті пайда болды.

Нурхаци мұрагері Абахайдың тұсында манчжур мемлекеті Цин (қытайша «таза» деген мағынада) деп аталды. Циннің алғашқы билеушісі Абахай болды. Манчжурлар көрші елдерге басқыншылық соғыстар жүргізді. Қытайға, Кореяға жүргізген соғыстар барысында 8 қытай, 8 монғол әскерін жасақтады. Қытайды басып алуға аттанарда әскер саны 200 мыңға жетті.

1644 ж. көктемде У Сангуйдің әскерімен бірігіп, Пекинді алады. Қытай императорының тағына Абахайдың кәмелетке толмаған баласын отырғызады. Бұл Шунчжи атты император Қытайды 1661 жылға дейін биледі. Манчжурлар Қытайды жаулауды 1683 жылы аяқтады. Қытай осы уақыттан бастап 1912 дейін Цин империясы деп аталды. Мемлекеттің ең жоғарғы билеушісі Боғдыхан (император) Көк тәңірдің ұлы саналды. Қарапайым халыққа оның жүзін көруге қатаң тиым салынды.

Мемлекеттік қызметке алдымен, манчжурлар алынатын, содан кейін манчжурларға берілген адал деп саналған қытайлықтарға берілген. Бірен-саран моғолдар да болды.

Бүкіл Қытай жері 18 провинцияға бөлінді. Оны император тағайындаған әкімдер басқарды.

Конфуцийлік дәстүр бойынша мемлекеттік қызметке ғылыми дәрежесі бар оқымыстылар алынатын. Оларды шэньшилер деп атады. Әлеуметтік сатыда маньчжурлардан кейін тұрған, басы бос қытайлықтар төрт сатыға бөлінді: оқымыстылар (шэньшилер), егіншілер, қолөнершілер мен саудагерлер. Ең төменгі сатыда кембағалдар деп аталғандар әртістер, қарапайым қызметшілер, үй малайлары тұрады. Бұл топқа жататын адамдар ешуақытта мемлекеттік емтихан тапсыруға жіберілмейтін, яғни олар ешуақытта мемлекеттік қызметкер бола алмайтын.

Қытай феодалдарының иелігіндегі жерден мемлекеттік салық алынды. Қытайдағы қолөнердің кең тараған түрі Фарфор өндірісі болды. Сондай-ақ Қытайда тау-кен өндірісі дамыды. Мыс, темір т.б. металдар қорытылды.

Қолөнершілер ірілі-ұсақты ұйымдарға бірікті. Мемлекеттік мануфактуралар құрылды. Олардың негізгілері әскери қару-жарақ жасау, тау-кен өндірісі салаларында болды.

Цин билеушілерінің алғашқы басқыншылық жорығы Моңғолияға бағытталды.

1636 ж. шығыстағы Чахар хандығын, 1691 ж. Солтүстік Моңғолиядағы Халха хандығын бағындырды. 1755-1757 ж.ж. соғыстың нәтижесінде Жоңғарлардың жерін иеленді. Шығыс Түркістан жерін қосып алып, Цин империясының құрамына қосылған жерді «Жаңа шекаралық аймақ» Синьцзян (қытайшадан аударғанда «Жаңа жер», «Жаңа шекара») деп аталды. Қазіргі Шыңжаң.

Цин империясының құрамына Тибет, Бирма, Вьетнам, Непал сияқты елдер кірді. Қытайдың Қазақ хандығымен тікелей байланыс жасау кезеңі XVIII ғ. бірінші жартысында сәйкес келеді. Қазақстанға 1755 ж. аттандырылған тұңғыш делегациясы қазақ билеушілеріне жоңғар хандығының Қытай империясының құрамына енгендігін мәлімдеуге тиіс болды. Осыған сәйкес қазақтардан ойрат ісіне араласуды тоқтату, яғни олармен саяси және экономикалық байланыстардан бас тартуды талап етілді.

Қазақтар бұрынғы жоңғарлар мекен еткен жерлерге қоныстануын жиілетті. Қытайдың саяси мүдделеріне қайшы келді. Қазақ Қытайдың қатынастарындағы шиеленісті мәселе осы жер дауына байланысты болды.

1757 ж. қарашасында Абылай және Әбілпайыз сұлтандардың елшілері Пекинге жетіп, Тарбағатай жотасының маңындағы жерлерді өз құқықтарын тану мәселесін қойды.

1767 ж. Қытай үкіметі Қазақстанда болса ымыраға келіп, қазақтарға қытайлар иеленген қысқы жайылымдарды пайдалануға рұқсат алдымен Тарбағатай, кейінірек Іле өңіріне де берілді.

Шыңжаңның Қазақстанмен көршілес аумақтарында, атап айтқанда, Шәуешек, Құлжа және Үрімші қалаларында сауда жасауға рұқсат етілді. 1759 ж. қаңтарда Абылай ханның алғашқы сауда керуені Шыңжаңға келді. Қытай императоры ресми түрде қазақтардың сауда жасауына рұқсат берді. Осы уақыттан бастап Шыңжаңдағы қазақ-қытай саудасы ресми түрде дами бастады.

XVIII ғ. Цин билеушілері Қытай халқының сырт елдермен байланысына шектеу қояды. Өз биліктері үшін қорықты.

1757 ж. император Цяньлун еуропалықтардың Қытайға келуіне тыйым салды. Қытайды «жабық есік саясатымен» оқшау ұстады. Қытай саудагерлері елдің оңтүстігінде, тек Гуанчжоу портты қаласы арқылы ғана сырт елдермен сауда жасай алды. XVIII ғ. Қытай экономикасының тұрақтылығы сақталды. Үздіксіз басқыншылық Қытай экономикасына үлкен зиян келтірді. XVIII ғ. соңында Цин империясы дағдарыс кезеңіне аяқ басты. XVIII ғ. басында елде 100 млн адам болса, ал ғасырдың соңына қарай 300 млн-нан асты.

XVIII ғ. соңында «Ақ лотос қоғамының» басшылығымен жаңа дәуір кезеңіндегі аса ірі халық көтерілістерінің бірі болды. Көтерілісшілер



Маньчжур династиясын құлату, сатқын және қатал шенеуніктерді жою ұрандарын көтерді. Көтеріліс аяусыз басып жаншылды.

Цяньлун император (1736-1796) тұсында біршама гүлденді. Әскерлер соғыстар арқылы империя шекарасын ұлғайтты. Экономика мен мәдениет дами түсті. Ол алпыс жыл басқарды, Цяньлун қайтыс болғаннан кейін елді ХІХ ғ. 40-жылдары ағылшын әскерлері елдің бүкіл басты пунктерін жаулап алды. Цяньлун патшалығынан кейін, ХІХ ғ. басынан бастап, Қытайда құлдырау ғасыры жүрді.

## 17. 1914-1939 жылдардағы әлемнің дамуы

Бірінші дүниежүзілік соғыс. Соғыстың шығу себептері мен мақсаты. Бірінші дүниежүзілік соғыс ірі капиталистік мемлекеттердің арасындағы қайшылықтардың шиеленуісін туындады. XX ғасырдың басында ірі еуропалық елдердің арасындағы империалистік қайшылықтар бір-бірімен ымыраға көнбейтін екі ірі әскери одақтың құрылуына алып келді. 1882 жылы Германия, Австро-Венгрия және Италия елдері арасында Үштік одақ әскери бірлестігі ұйымдасқан болатын. 1907 жылы Англия, Франция және Ресей мемлекеттері Антанта одағын құрды.

Бірінші дүниежүзілік соғыс Еуропа өркениетінің дағдарысы болды. Ірі монополистік капитал топтарының арасындағы экономикалық қайшылықтар мемлекетаралық қайшылықтарды шиеленістіріп, соғыстың себептерін туғызды. Негізгі қайшылықтар Ұлыбритания мен Германия арасында болды. Франция-Германия, Германия-Ресей, Австро-Венгрия-Ресей қайшылықтары да елеулі әсер етті.

Англия мен Франция Германияның Африкадағы отарларын және Таяу Шығыстағы Осман империясының жерін басып алуды көздеді.

Орыс капитализмі Түркияға, Германияның ықпалының күшеюіне жол бергісі келмеді. Патшалы Ресей жеңе қалған жағдайда Стамбұлды, Қара теңіз Бұғаздарын, Галиция өңірін және Неман өзенінің бойындағы жерді өзіне қаратып алуды мақсат етті.

Австро-Венгрия үкіметі Сербияны басып алып, бүкіл Балқан түбегінде және Адриат теңізінде өз үстемдігін орнатуға тырысты.

Германия дүние жүзін өзінің пайдасына қайта бөлісуді, Еуропа мен Таяу Шығыстың көптеген бөлігін бағындырып алуды мақсат етті. Сонымен қатар неміс капиталистері Балтық өңірін, Қырымды, Кавказ, Азов теңізі, Дон өңірлерін бағындыруды көздеді.

1914 жылы 28 маусымда Австро-Венгрия тағының мұрагері, эрцгерцог Франц Фердинанд және оның жұбайы Сараева қаласында қаза тапты. Осыған орай Германия императорының соғысқа итермелеуімен Австро-Венгрия Сербияға соғыс жариялады. Ресей Үкіметі дереу жұмылдыру жұмыстарын бастады. Орыс армиясының мұндай әрекетке жауап ретінде тамыз айының басында Германия Ресейге, Францияға қарсы соғыс ашса, Англия үкіметі Германияға соғыс ашты. Жапония Германияға қарсы соғыс жариялады. Сөйтіп, Бірінші дүниежүзілік соғыс басталып кетті.

1914-1916 жылдардағы соғыс қимылдары. 1914 жылы 4 тамызда неміс әскерлері «Шлиффен жоспары» бойынша Бельгия арқылы Францияның жеріне баса көктеп кірді. Франция мен Англия әскерлері немістердің басым күшіне төтеп бере алмай кейін шегінді. Француз үкіметі Парижден Бордоға көшуге мәжбүр болды.

Францияға көмек көрсету үшін орыстың екі армиясы тамыздың ортасында Шығыс Пруссияға басып кірді. Бірақ немістерден жеңілді.

Батыс майданда Марна өзенінің арнасында қырғын шайқастар өтіп жатты. Марна шайқасы – Бірінші дүниежүзілік соғыстың ең ірі

шайқастардың бірі болды. Екі жақтан жеті мыңнан астам зеңбірек пен екі миллионнан астам әскер қатысты.

1914 жылғы әскери шайқастар Антанта одағының артықшылығын айқындап берді. Германия әскерлері Марнада сәтсіздікке ұшыраса, Австро-Венгрия Галиция мен Сербиядағы арпалыстарда жеңіліп қалды. Кавказ майданындағы шайқастарда Ресей әскерлері түріктерді талқандап, кері шегіндірді. Сөйтіп Германия империализмінің «Қауырт соғыс» жоспары іске аспай, тығырыққа тірелді де, соғыс ұзаққа созылды. 1915 жылы Италия Антанта жағында Австро-Венгрияға соғыс жариялады.

1915 жылы 22 сәуірде Германия алғаш рет химиялық қаруын Ипр өзенінде қарсы тұрған жауға қолданды.

Германия армиясының Шығыс майдандағы жеңістерінен кейін, 1915 жылғы қазанда Болгария Антантаға қарсы соғыс жариялады. Сөйтіп, Германия, Австро-Венгрия, Түркия және Болгариядан тұратын Төрттік одақ құрылды.

1916 жылы соғыс қимылдары Батыс майданға ауысты. Ақпан айында Германия армиясы Францияға қарсы – Верден қамалына шабуыл бастады. Бұл қанды шайқас тарихқа «Верден қырғыны» деген атпен енді. Верден бекінісінде екі млн снаряд атқыланды.

1916 жылдың шілдесі мен қараша айларының арасын қамтыған Сомма шайқасы екі жақты да орасан шығынға батырды. Сомма шайқасында ағылшындар мен француздар тарихта тұңғыш рет танктерді қолданды.

1916 жылғы қорытынды бойынша Антанта одағының басымдығы анықталды. Бірақ соғыс жалғаса берді.

Жағдайды жеңілдету үшін соғысушы елдерде жалпыға бірдей еңбек міндеткерлігі енгізілді. Мысалы, Германияда 17-ден 70-жасқа дейінгі барлық ер адамдар еңбек етуге міндеттелді.

Соғыс ауыртпалығы 1916 жылы Германияда, Францияда, Англияда ереуілдердің көбеюіне алып келді.

АҚШ капиталистері белгілі бір кезеңге дейін соғысқа кіріспей тұруды жөн санады. АҚШ Бірінші дүниежүзілік соғыста көп пайда тапты. 1917 жылдан бастап Германия соғысушы мемлекеттермен қатар, бейтарап елдердің сауда және жолаушы кемелерін суға батырғандығын жариялады. АҚШ 1917 жылғы 6 сәуірде осы мәлімдемеге қарсы Германияға соғыс жариялады. Келесі жылдың басында Батыс Еуропа майдарында 2 млн-нан астам АҚШ солдаттары соғысты.

Германия одақтастарының жеңілуі. Соғыстың аяқталуы. 1918 жылғы наурыз-шілде айларындағы неміс шабуылдары сәтсіз болды. АҚШ-тың көмегіне сүйенген Англия мен Франция 1918 тамыз айында Аррас маңында шабуылға шығып немістердің 16 дивизиясын талқандады. Неміс әскерлері шегіне бастады.

1918 жылдың қыркүйек айынан бастап Болгария, Түркия, Австро-Венгрия уақытша бітімге қол қойып, жеңілгендерін мойындады. 1918 жылы 6 қарашада неміс делегациясы майдан шебінен өтіп, уақытша бітім жасауды өтінуге маршал Фоштың штабына келді. 1918 жылы 11 қарашада Компьен

орманындағы Фоштың штаб вагонында Германия мен Антанта елдерінің арасында уақытша бітімге қол қойылды. Соғыс қимылдары тоқтатылды. Бірінші дүниежүзілік соғыс аяқталды. Соғысқа 38 мемлекет қатысты, 74 млн адам шақырылды. Соғыс жылдары өлген адамдардың саны – 10 млн-нан асты, жаралғандардың саны 20 млн асты. Соғыс барысында жаңа әскери техника түрлері қолданылды. Танктер, ұшақтар, радиобайланыс түрлері дүниеге келді.

Соғыс тудырған революциялар дүмпуінен Романовтар, Габсбургтер, Гогенцоллерндер, Осман империялары қирады, отаршыл державалардың тірегі әлсірей бастады. Тарихи аренаға Кеңестік Ресей, Финляндия, Польша, Венгрия, Чехославакия, Югославия шықты. Габсбургтер империясының ыдырау нәтижесінде Чехия мен Словакия тәуелсіздігін алып Чехословакия республикасы құрылды. Оңтүстік славян жерлері бірігіп, 1918 ж. Серб, Хорват, Словен корольдігін құрды (ол 1929 жылдан бастап Югославия деп аталды). 1917-1920 ж.ж. Ресей империясынан бөлініп шығып, Финляндия, Эстония, Литва, Латвия тәуелсіз мемлекеттерге айналды.